



7M07109 - “Электр энергетикасы”



Жасай білу:

- Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, ұйымдастыру;
- Нақты зерттеу, ақпараттық-іздістеу, әдістемелік міндеттерді шешу үшін іргелі ғылымдардың білімін пайдалану;
- Электр жабдығының құрамын және оның параметрлерін, электр энергетикалық объектілердің схемаларын анықтау;
- Технологиялық жүйелер мен электр жабдықтарын сынау жоспарларын, бағдарламалары мен әдістемелерін әзірлеу; эксперименттік және теориялық зерттеулердің нәтижелерін өңдеу үшін компьютерлік технологияларды пайдалану;
- Энергия тиімді электротехнологиялық жабдықтарды, қондырғылар мен кешендерді әзірлеу;
- Электр энергетикасы жүйелерінде мониторингті ұйымдастыру, олардың нәтижелерін талдау, жабдықтар мен жүйелердің жұмыс істеу тиімділігін арттыру үшін іс-шараларды әзірлеу; басқару, электр энергетикасы жүйелеріндегі проблемаларды шешу бойынша тиімді ғылыми және инженерлік-техникалық іс-шараларды әзірлеу мүмкіндігі.



Білу және түсіну:

- Ғылыми экспериментті ұйымдастыру және энергетикалық құрылғылар мен жүйелердегі процестерді модельдеу саласындағы ғылыми-зерттеу қызметінің заманауи бағыттары
- Электр жетегіндегі энергия үнемдеудің негізгі принциптері, энергия үнемдеу жетегі мен басқару жүйесінің параметрлерін негіздей білу, технологиялық жабдықты басқарудың заманауи жүйелерін жасай білу
- Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету сапасының көрсеткіштерін талдау әдістері және жергілікті энергетикалық ресурстарды пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы тұтынушыларын энергиямен қамтамасыз ету жүйелерін негіздеу қабілеті;



Мәселелерде құзыретті болу:

- Электр энергетикасы бағыты бойынша ғылыми зерттеулер әдіснамасы саласында;
- Өнеркәсіптің барлық салаларында, соның ішінде ауыл шаруашылығында инновациялық техникалық және технологиялық өндірістер мәселелерінде;
- Білім беру ұйымдарындағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында;
- Кәсіби салада ғылыми жобалар мен зерттеулерді орындауда.